

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 ақпан N 174

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Ветеринария туралы

Осы Заң ветеринария саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ветеринария ұйымдары мен мамандары қызметінің құқықтық негіздерін, мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың жануарлар мен адамдар үшін ортақ аурулардың алдын алуды, ветеринариялық-санитариялық есендікті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, мал азығының және мал азығына қосымшалардың, ветеринариялық препараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мүдделерін қорғау шараларын белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Ветеринария туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдары Қазақстан Республикасының

Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда барынан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария (ветеринария саласы) - жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың алдын алуға, диагностикасына, емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнаулы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы;

2) сараптама актісі - ветеринариялық қадағалау объектілерінің диагностикасы мен ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері бойынша ветеринариялық лабораториялар ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдар белгілеген нысан мен тәртіп бойынша беретін, олардың ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ оларды пайдалануға ұсынатын құжат;

3) ветеринариялық препараттарды, мал азығын, мал азығына қосымшаларды сынақтан өткізу - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жаңа (әзірленген) немесе жетілдірілген ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау;

4) ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің қауіпсіздігі (зиянсыздығы) - жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың олар пайдаланылатын дағдылы (белгіленген) жағдайларда адамның және жануарлардың денсаулығына қауіп келтірмейтін жай-күйі;

5) ветеринариялық лабораториялар - жануарлар аурулары диагностикасын және/немесе мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар немесе заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;

6) ветеринариялық төлқұжат - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік

орган белгілеген нысандағы құжат, онда жануардың иесі, жануардың түрі, тұрпаты, жасы, жануарлар ауруларының алдын алу, емдеу және диагностикасы жөнінде жүргізілген ветеринариялық-санитариялық шаралардың мерзімдері мен сипаты көрсетіледі;

7) ветеринариялық препараттар (жануарларға арналған дәрі-дәрмек құралдары) - жануарлар ауруларының алдын алуға, диагностикасына, оларды емдеу мен жоюға, олардың өнімділігін арттыруға арнап, дезинфекция, дезинсекция және дератизация ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін, жануарлардың парфюмериясы немесе косметикасы ретінде жануарлардан, өсімдіктерден алынатын және синтетикалық заттар, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық қолайлылық - жануарлардың ерекше қауіпті аурулары болмайтын, ал жануарлардың басқа аурулармен ауыру деңгейі сол аумақ және жылдың сол уақыты үшін сипатты аурулардың дағдылы деңгейінен аспайтын аумақтың жай-күйі;

9) ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық куәлік мемлекеттік ветеринариялық қадағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ ветеринариялық анықтама не олардың ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын және олардың пайдаланылу режимін белгілейтін сараптама актісі негізінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринариялық инспекторлар беретін құжаттар;

10) ветеринариялық-санитариялық жағдай - нақты көрсетілген уақытта, жануарлар ауруларының болуымен, олардың таралуымен және жануарлардың ауыру деңгейінен, сондай-ақ ветеринариялық қадағалаулық бақылауындағы жүктердің ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған ветеринариялық-санитариялық және зоогигиеналық шаралардың ұйымдастырылуы мен олардың толық шешілуімен сипатталатын жай-күйі;

11) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер - ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізу тәртібін анықтайтын, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген және ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті нормативтік-құқықтық акт;

12) ветеринариялық-санитариялық сараптама - мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуін тексеру мақсатымен жүргізілетін биологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, патологоанатомиялық, токсикологиялық, паразитологиялық және радиологиялық зерттеулер кешені;

13) ветеринариялық анықтама - ветеринария саласындағы қызметті лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар беретін және ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің ветеринариялық нормативтердің талаптарына сәйкестігін көрсететін құжат;

14) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ветеринария туралы заңдарды заңды және жеке тұлғалардың бұзуын болғызбауға, анықтауға, тыю мен жоюға, соның ішінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің санитариялық қолайлылықты, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің қауіпсіздігін, халықтың денсаулығын және жануарларды аурулардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілермен анықтауға бағытталған қ ы з м е т і ;

15) ветеринариялық препараттарды мемлекеттік тіркеу - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келетін ветеринариялық препараттарды өздеріне белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттардың оларды сынақтан өткізіп тіркеу және оларға белгіленген нысанда тіркеу куәліктерін беру қорытындылары жөніндегі Мемлекеттік тізілімге енгізу;

16) ветеринариялық препараттардың мемлекеттік тізілімі - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шығаратын, мемлекеттік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасында өндіруге немесе импорттауға рұқсат етілген мәліметтер б а р т і з б е ;

17) дегельминтизация - гельминттердің бүкіл даму сатыларында және олардың тіршілік ететін жерлерінде оларды жойып жіберуге бағытталған емдеу-алдын алу ш а р а л а р ы н ы ң ж ү й е с і ;

18) дезинсекция - зиянды жәндіктерді жоюға бағытталған шаралар кешені;

19) дезинфекция - жануарлардың ауруларын қоздырушы микроорганизмдерді (бактерияларды, вирустарды, грибоктарды, риккетсилерді, простейшілерді) жоюға бағытталған ш а р а л а р к е ш е н і ;

20) дератизация - зиянды кеміргіштерді жоюға бағытталған шаралар кешені;

21) диагностика - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен қолданылатын әдістерді, әдістемелерді, тесттерді қамтитын және жануарлардың ауруларын білуге, жануарлар ауруларының қоздырғыштарын немесе ауыру себептерін табуға (индикациялауға), анықтауға (типтендіруге) бағытталған ш а р а л а р к е ш е н і ;

22) жануарлар - ауыл шаруашылық, үйдегі, жабайы сүтқоректілер, құстар, балықтар , жер мен судағы және жәндіктер мен жануарлар дүниесінің басқа да өкілдері;

23) инвазиялық (жұқпалы) аурулар - жануарлардың паразиттер: ең қарапайым жәндіктер, гельминттер, кене, шыбын-шіркейлер туғызатын аурулары;

24) инфекциялық (жұқпалы) аурулар - жануарлардың микроорганизмдер туғызатын және дені сау нәзік малға тікелей жанасатын, механикалық көшірілім жағдайында немесе өзге де жолмен ауру қоздырғыш көзінен берілетін аурулар;

25) карантин - індет ошағы, жайсыз мекен және ветеринариялық-санитариялық жайлы аумақ арасындағы шаруашылық байланыстардың шектелуін және

ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің тасылуын тоқтатуды қамтамасыз етуге, індет ошағын жоюға, аурудың таралуына жол бермеуге және қоршаған ортадағы ауру қоздырғыштарын жоюға бағытталған, жануарлардың ауруы аса ветеринариялық қауіпті деп диагноз қойғаннан кейін ауру жануарлар сауыққанға (жойылғанға) дейін жүргізілетін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын осы Заңда көзделген уақытша шектеу белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ветеринариялық-санитариялық және әкімшілік шаралар;

26) микроорганизмдер коллекциясы (мұрағаттары, мұражайлары), соның ішінде микроорганизмдердің депонизацияланған штаммдарының Ұлттық коллекциясы - микроорганизмдер сақталатын орындар, оларда микроорганизмдерді кейіннен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ветеринариялық препараттар, мал азығын, мал азығына қосымшалар әзірлеу кезінде авторлық құқықтарды ескере отырып пайдалану мүмкіндігі мақсатымен олардың ұзақ уақыт бойы тіршілік қабілетін сақтауы мен қасиеттерін жоғалтпауы қамтамасыз етіледі;

27) мал азығы, мал азығына қосымшалар - жануарлардан, өсімдіктерден алынатын, әртүрлі нысандағы синтетикалық заттар, соның ішінде жануарларды азықтандыруға арналған премикстер, аминді қышқылдар, минералды және витаминді компоненттер, о л а р д ы ң қ о с п а л а р ы ;

28) мал ауруларын жою - жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының таралуын азайту және алдын алу және олардың қоздырғыштарын жою мақсатымен індет ошағы мен жайсыз мекенде жүргізілген арнаулы сипаттағы шаралар кешені;

29) жануарларды емдеу - ауыратын жануарларды сауықтыруға және аурудың пайда болу себептерін жоюға бағытталған шаралар кешені;

30) Халықаралық ветеринария кодексі - халықаралық сауда жүргізу кезінде аурулардың таратылу қаупін болғызбау үшін сауда жасаушы әріптестерге ең төмен ветеринариялық кепілдік белгілейтін ветеринариялық ережелердің Халықаралық Эпизоотикалық Бюро (ХЭБ) бекіткен жиыны;

31) микроорганизмдер - жануарлардың организмінде немесе олардың терісінде (жүнінде) болатын немесе ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың продуценттері ретінде пайдаланылатын жануарлардың ауруларын қоздырғыштар немесе ықтимал қоздырғыштар;

32) ауру жөніндегі жайсыз мекен (жайсыз мекен) - аумағында індет ошағы анықталған елді мекен, сондай-ақ жайылымдар, қыстаулар, жазғы жайлаулар;

33) ветеринариялық препараттар айналысы - ветеринариялық препараттарды өндіру, сақтау, тасу, сынақтан тіркеп өткізу, стандарттау, сертификаттау, сапасын бақылау, жарнама жасау, сату немесе қолдану;

34) шектеу шаралары - ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің індет ошақтары, жайсыз мекендер және ветеринариялық-санитариялық жайлы аумақ арасындағы шаруашылық байланыстарды ішінара шектеу мен тоқтатып қоюды

қамтамасыз етуге бағытталған ветеринариялық-санитариялық және әкімшілік іс-шаралар; бұл орайда жануарларға күдік келтірілген жағдайда олардың ауруларының таралуына жол бермеу және осы Заңда көзделген уақытша нұсқаулықта жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын шектеуге жол берілетін және оларға қосымша міндеттер жүктелетін індет ошағы мен жайсыз мекенде ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға жету мақсат етіледі;

35) жануарлардың ерекше қауіпті аурулары - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган анықтайтын, адам мен жануарларға ортақ ауруларды қоса алғанда, тез немесе кең таралатын, жануарлардың көп ауруына немесе өлуіне, көп әлеуметтік-экономикалық залал әкеп соғатын жануарлар аурулары;

36) індетті жағдайды бағалау - жануарлар аурулары қоздырғыштарының енуі мен таралуы шамасын анықтау және осыған байланысты биологиялық және экономикалық з а р д а п т а р ;

37) панзоотия - елдің әкімшілік бөліністері аумағының көп бөлігінде жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының жаппай таралуы;

38) ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер - жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, мал азығы, мал азығына қосымшалар, ветеринариялық п р е п а р а т т а р ;

39) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат - жануарлардан алынатын, жануарларды азықтандыруға арналған, өнеркәсіпте пайдалану үшін, сондай-ақ адамдардың тамағына тиісінше өңделмей пайдаланылмайтын ет, сүт, балық, жұмыртқа, олардан дайындалатын шикі өнім, ара өсіру өнімдері, тері, жүн, қыл, түк, ет өнімі, түбіт , қауырсын, эндокриндік өттер мен ішек-қарын, қан, сүйек, мүйіз, тұяқ және басқа да ө н і м д е р ;

40) жануарлар ауруларының алдын алу (індетке қарсы іс-шаралар) - жануарлар ауруларының пайда болуына, таралуына жол бермеуге және оларды жоюға бағытталған ш а р а л а р к е ш е н і ;

41) ветеринариялық препараттардың тіркелу сынағынан өткізілуі - ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына ветеринариялық препараттардың сәйкес келуін анықтау үшін ветеринариялық саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен қолданылатын әдістердің, әдістемелердің, т е с т і л е р д і ң к е ш е н і ;

42) жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік және әдістемелік міндет - жануарлардың ерекше қауіпті, баяу және экзотикалық ауруларының қоздырушыларын үлгілерге бөлуді (белгілі бір түр ішінде үлгілік айырмашылықты анықтауды), соның ішінде олардың алдын алу мен диагностикасы шараларын әзірлеуді жүзеге асыру, сондай-ақ күмәнді немесе даулы жағдайларда түпкілікті диагноз қою;

43) базар (сауда жасайтын ұйымдар) - жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, мал азығын, мал азығына қосымшаларды, ветеринариялық

препараттарды сату орнын қоса алғанда, сауда-саттыққа арнайы жабдықталған орын;

44) ауыл шаруашылық жануарлары - асыл тұқымды, пайдаланылатын жануарлар, сондай-ақ ауыл шаруашылығында жануарлардан өнімдер мен шикізат алу үшін пайдаланылатын жануарлар;

45) ветеринария жүйесі - өз құзыреттері шегінде, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы;

46) шикі өнім - жануарлардан алынатын, алдын ала өңдеген (қайнатқан, қуырған, консервілеген, тұздаған, қақтаған, бұқтырған, кептірген) жағдайда оны адамдардың тамағына пайдалануға мүмкіндік беретін еттен, сүттен, балықтан, жұмыртқадан және басқа да өнімдерден дайындалған өнім;

47) микроорганизмдердің штаммы (өсірілуі) - ерекше қасиеттері бар микроорганизмдерді генетикалық жағынан біртекті өсіру;

48) індеттілік мониторинг - жануарлардың нақты ауруларының асқыну заңдылықтары туралы, олардың жүрген (ұсталған/өсірілген табиғи-географиялық және экономикалық шаруашылық) жағдайлары туралы, ветеринариялық-санитариялық шаралардың жүргізілуі туралы және оларды кейіннен ветеринариялық-санитариялық шараларға талдау жүргізу және індеттердің немесе панзоотиялардың пайда болуын, өршуін және өшуін

(жойылуын) болжау туралы сан жөніндегі деректерді жинау жүйесі;

49) індет ошағы - жануарлардың аса қауіпті ауруларымен ауырған немесе ауыруы мүмкін деп танылатын жұқпалы көздер бар немесе ерекше қауіпті аурулармен ауырған немесе ауырып өткен жануарлардан алынған жануарлардың өнімдері мен шикізаты сақталатын шектеулі аумақ немесе орын;

50) індет - белгілі бір әкімшілік бөлініс аумағында жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының жаппай таралуы.

3-бап. Ветеринария саласындағы негізгі міндеттер

Ветеринария саласындағы негізгі міндеттер:

- 1) жануарларды аурулардан қорғау;
- 2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
- 3) республика аумағын басқа мемлекеттерден жануарлар ауруларының қоздырғыштарын әкелуден қорғау;
- 4) ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің қауіпсіздігін және олардың ветеринария туралы заңдардың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;

5) заңды және жеке тұлғалардың ветеринария саласындағы қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны ластауынан сақтандыру болып табылады.

2-тарау. ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Ветеринария саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

Ветеринария саласындағы мемлекеттік саясат:

1) заңды және жеке тұлғалардың жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, жануарлардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың, ветеринариялық препараттардың ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес өндірілуін қамтамасыз етуге экономикалық жағынан мүдделілігі;

2) ветеринариялық-санитариялық қолайлылықты қамтамасыз ету үшін қажет болатыннан көп дәрежеде сауда жасауды шектемейтін ветеринариялық-санитариялық шаралардың, ережелер мен нормативтердің қолданылуы;

3) ветеринариялық қадағалаудың тәуелсіздігі;

4) ветеринариялық қадағалау орындары бақылайтын жүктің шыққан аумағы мен оның баратын жерінің сипаттамасын ескере отырып, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру;

5) Халықаралық ветеринариялық кодекстің талаптарын, басқа да халықаралық ветеринариялық нормативтер мен ұсыныстарды ескере отырып, індетті жағдайларды объективті бағалаудың ветеринариялық-санитариялық шараларын, ережелері мен нормативтерін ғылыми принциптермен әзірлеу, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық шараларды, ережелер мен нормативтерді олар ғылыми негізделген жағдайда халықаралық ұсыныстарда көзделгенінен неғұрлым жоғары деңгейде қамтамасыз ету принциптеріне негізделеді.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ветеринария саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ветеринария саласындағы құзыретіне:

1) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу және қабылдау;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды белгілеу;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуымен

жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының алдын алу және диагностикасы бойынша республикалық бағдарламаларды бекіту;

4) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ветеринария саласындағы ы н т ы м а қ т а с т ы қ ;

5) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы

бойынша осы Заңға сәйкес ветеринария саласындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

6) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша бюджеттік қаржылар есебінен жойылу жүзеге асырылатын жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесін, алдын алуды, диагностикасын бекіту;

7) панзоотиялар пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында шектеу шараларын немесе карантин енгізу кіреді.

6-бап. Қазақстан Республикасындағы ветеринария жүйесі

Қазақстан Республикасының ветеринария жүйесіне:

1) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдары;

2) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері;

3) мемлекеттік ветеринариялық мекемелер;

4) лицензия негізінде ветеринариялық қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар кіреді.

7-бап. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдары

1. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

2) мемлекеттік шекарадағы бақылаушы ветеринариялық постыларымен қоса алғанда, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның облыстық, а у м а қ т ы қ б ө л і м ш е л е р і ;

3) ветеринариялық қадағалау орындары бақылайтын жүктердің дайындалуы, өңделуі, сақталуы жөніндегі базарлар мен ұйымдардағы ветеринариялық инспекторлармен қоса алғанда, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аудандық (қалалық) аумақтық бөлімшелері жатады.

2. Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Заңда белгіленген өкілеттігі шегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге

8-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне мыналар к і р е д і :

1) бюджеттік қаржы есебінен қаржыландырылып жойылатын жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесін, алдын алуды, диагностикасын дайындау;

2) денсаулық сақтау органдарымен бірлесе отырып, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

3) республика аумағын жануарлар ауруларының әкелуі мен таратылуынан қорғауды ұйымдастыру және шекара арқылы өткізілетін, ветеринариялық қадағалау орындары бақылайтын жүктерді мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ветеринария қызметіне лицензиялар беру, лицензиялардың қолданылуын тоқтатып қою және лицензияны сот тәртібімен қайтарып алу;

5) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың індет ошақтарын жою және мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің ветеринария-санитариялық жайлылығын қамтамасыз ету қызметін үйлестіріп отыру;

6) ветеринариялық препараттар сатып алу жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік конкурстық және тендерлік құжаттаманы дайындауға қатысу, ветеринария саласындағы жұмыстарды ветеринариялық ғылыми зерттеулер мен ветеринария үшін кадрлар даярлау тапсырыстарын орындау;

7) ветеринариялық препараттарды сатып алуды, сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) және пайдалануды, заңдарда белгіленген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық шараларды орындауды ұйымдастыру;

8) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринария ережелері мен қауіпсіздік нормаларын, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарды, ветеринариялық есеп беру және есепке алу нысандарын, оларды халықаралық нормалар мен ұсыныстарды ескере отырып, ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді беру тәртібін қоса алғанда, ветеринариялық-санитариялық шараларды, ветеринариялық-санитариялық ережелер мен нормативтерді белгіленген тәртіппен әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

9) жануарлардың аурулары бойынша індет мониторингін ұйымдастыру;

10) мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасындағы ветеринария саласында жүргізілген ветеринариялық-санитариялық шаралар мен белгіленген нормативтік

құқықтық актілер туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

11) ветеринариялық препараттарды, аспаптарды, құрал-саймандарды, мал азығын және мал азығына қосымшаларды тексеруді, бақылауды, оларды тіркелу сынақтарынан өткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ ветеринариялық препараттардың Мемлекеттік Т і з і л і м і н ж ү р г і з у ;

12) халық арасында ветеринариялық ағартушылық жұмысты ұйымдастыру және ж ү р г і з у ;

13) шет мемлекеттердің ветеринария ұйымдарымен және халықаралық ветеринариялық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

14) ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де м і н д е т т е р .

9-бап. Мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторлардың құзыреті

1. Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай атауларды: "Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринария инспекторы", "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) мемлекеттік бас ветеринария инспекторы", "ауданның (қаланың) мемлекеттік бас ветеринария инспекторы" және олардың орынбасарлары, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер қызметіне сәйкес "ветеринария инспекторы" атауларын қосымша берілуге қ ұ қ ы л ы .

2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринария инспекторы мен оның орынбасарларының құзыретіне мыналар кіреді:

1) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) республика аумағында немесе бірнеше облыстар аумағында ветеринариялық-санитариялық шараларды жүзеге асыру жөніндегі бұйрықтардың міндетті орындалуға қабылдануы, олардың орындалуын ұйымдастыру мен бақылау;

3) тиісті аумақтардағы індетті жағдайларды бағалауды ескере отырып, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді экспорттау, импорттау және өткізу;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, республикалық қаланың бас мемлекеттік ветеринариялық, қызметінен және оның орынбасарларын босату туралы шешім оларды жұмыстан босатуға негіз болған себептер анықталған кезеңге дейін;

5) Халықаралық індет бюросында (ХІБ), дүние жүзілік ветеринария қауымдастығында ХІБ бюросында (БДҚ) және басқа да халықаралық ветеринариялық ұйымдарында көрсетілген тәртіп бойынша белгіленген заңдармен жүзеге асыру;

6) осы Заңға сәйкес өзге де міндеттер кіреді.

3. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) бас мемлекеттік ветеринария инспекторының және оның орынбасарының қызметіне:

- 1) Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумағында ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;
 - 2) Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумағында ветеринариялық-санитариялық шараларды жүзеге асыру жөнінде орындалуы міндетті бұйрықтар қабылдау, олардың орындалуын ұйымдастыру мен қадағалау;
 - 3) ауланың (қаланың) бас мемлекеттік ветеринария инспекторын, ветеринариялық бақылау орындарының ветеринария инспекторларын олардың жұмыстан шеттетілуін анықтағанға дейінгі мерзімге қызметінен шеттету туралы шешімдер шығару;
 - 4) Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген нысандар бойынша ветеринариялық есеп жүргізу және сол тәртіппен беру;
 - 5) осы Заңға сәйкес өзге де міндеттер кіреді.
4. Ауданның (қаланың) мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының және оның орынбасарының қызметіне:
- 1) аудан (қала) аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру;
 - 2) аудан (қала) аумағында ветеринариялық-санитариялық шараларды жүзеге асыру жөнінде орындалуы міндетті бұйрықтар қабылдау, олардың орындалуын ұйымдастыру мен қадағалау;
 - 3) мал шаруашылық фермаларын жоспарлау мен салудың жобаларына, сондай-ақ аталған объектілерді салуға арналған жер учаскелері мен жануарларға су бөлу жобаларына ветеринариялық-санитариялық қорытындылар беру және оларды пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмысшы және мемлекеттік комиссияларға қатысу;
 - 4) шеттетуге негіз болған себептерді анықтау мерзімінде аудан (қала) аумағында жұмыс істейтін ветеринариялық инспекторларды қызметінен шектету туралы шешім шығару;
 - 5) ветеринариялық есептерді Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізу және табыс ету;
 - 6) осы Заңға сәйкес өзге де міндеттер кіреді.

10-бап. Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі өздерінің тиісті міндеттерін орындау үшін жануарларды (іздістіру, күзету-қарауыл, постылық, жол-күзету жануарларын) ұстаған, пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы мынадай қызметті жүзеге асыратын:

- 1) осы баптың 1-тармағында аталған жануарлардың профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу;

2) тиісті мемлекеттік органдарға жататын мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру бөлімшелерін құра алады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған мемлекеттік органдардың бөлімшелері мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыруды қоса алғанда, ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастыру мен орындау бөлігінде ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған мемлекеттік органдардың бөлімшелері ветеринария есебін Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген нысанда жүргізіп, оны сол тәртіппен беріп отырады.

11-бап. Ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алынған лицензия негізінде ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария ұйымдарын өз қаражаты есебінен құра алады.

2. Жергілікті атқарушы органдар ветеринария инспекторларына олардың мемлекеттік ветеринариялық қадағалау міндеттерін атқаруына көмек көрсетеді, ветеринариялық-санитариялық шараларды жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ оларды жүзеге асыруға жергілікті бюджеттерден қаражат бөле алады.

12-бап. Мемлекеттік ветеринариялық мекемелердің құзыреті

1. Мемлекеттік ветеринариялық мекемелері Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметтің мынадай түрлерін:

1) Ұлттық депонизацияланған микроорганизмдер штаммдарының коллекциясын енгізуге байланысты жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік және әдістемелік міндеттер;

2) Қазақстан Республикасындағы жабайы жануарлар аурулардың індеттілік мониторингін жүзеге асыру мақсатымен құрады.

2. Мемлекеттік ветеринариялық мекемелер Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша ветеринариялық есебін жүргізіп және оны беріп отырады.

13-бап. Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау

1. Ветеринариялық қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның міндетті түрде

лицензиялауына

жатады.

2. Лицензиат өзінің ветеринария саласындағы қызметінің нәтижелері бойынша ветеринариялық анықтамалар береді, Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген нысандар мен тәртіп бойынша есеп жүргізіп, ветеринариялық есепті табыс етіп отырады.

3. Ветеринария саласындағы мынадай қызметтердің түрлері мемлекеттік монополияға жатқызылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының диагностикасы;

2) ветеринариялық препараттардың, мал азығына қосымшалардың сынақтан өткізілуі, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, мал азығын, мал азығына қосымшаларды тексеруді, ветеринариялық препараттар топтарының/партияларының тіркелуі;

3) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтау;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген ең

қауіпті жануарлардың індетті ошақтарын жою;

5) мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау орындарында көлік құралдарын дезинфекциялау.

4. Мемлекеттік монополияға жатқызылған ветеринария саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3-тарау. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау

14-бап. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау:

1) заңды және жеке тұлғалардың ветеринария туралы заңдардың талаптарын орындау және сақтау жөніндегі, жануарлардың денсаулығын сақтауға, алдын алуға, диагностикасына, жануарлар мен адамға ортақ ауруларды емдеу мен жоюға бағытталған ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі, ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың айналысы жөніндегі қызметін бақылау;

2) республикалық запасты қоса алғанда бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттарды бөлу және сақтауға, тасымалдауға (жеткізуге) және пайдалануға бақылау жасау;

3) республика аумағын басқа мемлекеттерден ауру жануарлардың қоздырғыштарын әкелуден және таратудан қорғау жөніндегі, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді тасымалдау, тиеу және түсірудің ветеринариялық ережелері мен нормаларын сақтау жөніндегі ветеринариялық-санитариялық шараларды жүзеге асыру және бақылау, Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген нысандар мен ветеринариялық есептерді және оларды сол тәртіппен беру;

4) ветеринария туралы заңдардың бұзылуын тыю шараларын жүзеге асыру, оның бұзылу фактілері туралы хаттамалар жасау, осы Заңда белгіленген ветеринария туралы заңдарды бұзған адамдарға санкциялар қолдану туралы қаулының күшін жою және оны шығару туралы нұсқама беру;

5) Базарларда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатті өңдеу, сақтау, өткізу және тасымалдау жөніндегі ұйымдарда ветеринариялық-санитариялық қадағалауды жүзеге асыру, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің, ветеринариялық-санитариялық жағдайлардың қауіпсіздігін бақылау, сондай-ақ жануарлардың аурулары мен олардың тағам ретінде улауының пайда болуы мен таралуының себептерін және жағдайларын анықтау мен көрсету;

6) ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау.

15-бап. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

1. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды ветеринариялық инспекторлар жүзеге асырады:

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасы азаматтарының ветеринариялық инспектор қызметін атқаруға құқығы бар.

3. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру ережелерін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

16-бап. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілері

Мыналар мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілері болып табылады:

1) гендік-инженерлік жолмен алынған жануарларды қоса алғандағы жануарлар, сондай-ақ жануарлар мен оларды өсірудің жыныстық және соматикалық клеткалары;

2) жануарлар ауруларының қоздырғыштарын қоса алғандағы микроорганизмдер - вирустар, бактериялар, грибтер, гельменттер, насекомдар, олардың штаммдары (өсірілуі), коллекциялар (мұрағаттар, мұражайлар);

3) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, мал азығы, мал азығына қосымшалар, патологиялық материал немесе олардан диагностика және ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін іріктеп алынатын сынамалар, сондай-ақ судың, ауаның, топырақтың, ветеринария саласындағы адамдар қызметі нәтижелерінің сынамалары;

4) алдын алу, жануарларды емдеу мен өңдеу, жануарлар ауруларының диагностикасы, ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін пайдаланылатын ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар;

5) жануарлар ауруларын қоздыруды жұқтыруы мүмкін көлік құралдары, барлық ыдыс түрлері, буып-түю материалдары;

6) ветеринария саласындағы ветеринариялық қадағалаудың бақылауына жататын жүктерді өсіретін, дайындайтын, сақтайтын, қайта өңдейтін, сататын немесе пайдаланатын ғылыми қызметті және ветеринариялық мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтары, өндірістік үй-жайлары мен қызметі;

7) мал айдалатын жолдар, маршруттар, жайылымдар (мал жайылатын аумақтар), ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі рыноктардың (сауда жасаушы ұйымдардың), кәсіпорындардың жануарларды ұқсастыру жөніндегі рәсімдері мен нысандары;

8) ветеринариялық есеп және есеп беру құжаттамасы, ветеринариялық куәлік, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді өндіру, дайындау, өңдеу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама, ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілер.

17-бап. Ветеринариялық инспекторлардың құқықтары

Ветеринариялық инспекторлардың:

1) ветеринария туралы заңдардың нормаларын орындауды тексеру, ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау мақсатымен мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне заңдарда белгіленген тәртіппен еркін (қызметтік куәлігін көрсеткеннен кейін) кіруіне, сондай-ақ ветеринария саласындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметі туралы құжатталған ақпарат алуына;

2) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін мүдделі тараптарды зерделеу мерзімін өткізу туралы хабарландыра отырып сынамаларын іріктеп алуды жүргізуге;

3) ветеринариялық-санитариялық қадағалау жүргізуге;

4) ветеринариялық куәлік және ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге;

5) ветеринариялық инспекторларға хаттамалар жазылып, актілер жасауға;

6) ветеринария туралы заңдар бұзылған жағдайда сотқа талап-арыз қоюға;

7) аумақтарда жануарлар, малдан алынатын өнімдер мен шикізат, мал азығы немесе мал азығындағы қосымшалар, ветеринариялық препараттар, ветеринариялық-санитариялық жайлы аумақтарда анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), құртуға немесе өңдеуге, сондай-ақ аталған фактілер туралы Мемсанэпидқадағалау органдарына хабарлауға;

8) індет ұшақтарында немесе жайсыз мекендерде аса қауіпті аурулармен ауырған жануарлар, жануарлардың аса қауіпті ауруларының қоздырғыштары бар, малдан алынатын өнімдер мен шикізат, мал азығы және мал азығына қосымшалар, ветеринариялық препараттар анықталған жағдайда оларды залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды), жойып жіберуді немесе өңдеуді өз бетімен ұйымдастыруға, сондай-ақ аталған фактілер туралы Мемсанэпидқадағалау органдарына хабарлауға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

18-бап. Ветеринариялық инспектордың актілері

1. Ветеринария жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің белгіленген талаптарының бұзылуына қарай ветеринариялық инспекторлар ветеринария туралы заңдардың бұзылуы туралы өзі жасаған хаттамалар негізінде мынадай актілер р е с і м д е й д і :

1) н ұ с қ а м а :

а) ветеринария жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуын ж о ю т у р а л ы ;

б) ветеринариялық қадағалау объектілері ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмейді деп күдіктенген жағдайда оларға ветеринариялық-санитариялық сараптама мен диагностика жүргізу туралы;

в) жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау және оларды жою үшін жануарларға алдын алу немесе мәжбүрлеп вакцинация жүргізу, үй-жайларда, фермалар аумағында, індет ошақтарында, жайсыз мекендер мен көлікте дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу туралы;

г) союға, дайындауға, ұқсатуға, өткізуге (жеткізіп беруге, сатуға), ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді пайдалануға тыйым салуды, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда оларды тоқтатып қоюды қоса алғанда, ветеринария туралы заңдардың бұзылуы жойылғанға дейін шаруашылық қызметті сот органдарының шешімінсіз 3 тәулікке дейінгі мерзімге тоқтатып қою туралы;

д) ветеринариялық қадағалау бақылайтын, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін жүктерді жоюды және өңдеуді қоса алғанда оларды

залалсыздандыру (зарарсыздандыру) туралы;

2) ветеринария туралы заңдар бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану туралы немесе әкімшілік жауапқа тарту туралы қ а у л ы .

2. Хаттамалардың, нұсқамалардың, қаулылардың нысандарын, оларды жасау

мен беру тәртібін ветеринария дәрігерлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3. Ветеринариялық инспекторлардың актілері меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

19-бап. Ветеринариялық инспекторлардың тәуелсіздігі

Ветеринариялық инспекторлар өз қызметінде тәуелсіз болып табылады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарын, осы Заңды, сондай-ақ ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

20-бап. Ветеринариялық инспекторлардың жауапкершілігі

Ветеринариялық инспекторлар өздерінің қызметтік міндеттерін лайықты орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

21-бап. Ветеринариялық инспекторлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

1. Ветеринариялық инспекторлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Шағым беру шағым жасалып отырған әрекеттерді тоқтата тұрмайды.

22-бап. Мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау постылары және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың жұқпалы ауруларын әкелуден қорғау

1. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілері белгіленген жерлерде

мемлекеттік шекара арқылы өтеді (экспорт, импорт, транзит), халықаралық үлгідегі ветеринариялық куәлігі болады және оларға кеден құжаттарын ресімдеу алдында міндетті түрде мемлекеттік ветеринариялық қадағалануға тиіс.

2. Республика мал ауруларын әкелу мен таратудың алдын алу мақсатымен ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерге мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шекара және кеден пункттерінде (мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ветеринариялық бақылау постыларын ұйымдастырады.

3. Ветеринариялық бақылау постыларында ветеринариялық инспекторлар мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ветеринариялық куәліктерді қайта ресімдеуді жүзеге асырады.

4. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің әкелінуі, әкетілуі және транзиті тиісті аумақтардың індеттілік жағдайын бағалауға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Басқа мемлекеттердің мемлекеттік ветеринариялық қадағалау орны берген ветеринариялық куәліктерді Қазақстан Республикасы ветеринариялық бақылау постыларының ветеринариялық инспекторлар Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарына сәйкес олар ветеринариялық-санитариялық денсаулықты қамтамасыз еткен жағдайда таниды.

6. Мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау постыларының ветеринариялық инспекторлары қызметтік міндеттерін атқару кезінде ветеринариялық рәміздері бар арнаулы киім киіп жүреді.

7. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің экспортына, импортына және транзитіне шарттар жасасудың алдында заңды немесе жеке тұлғаның ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерінен экспорт, импорт және транзит еліндегі ветеринариялық-санитариялық жағдай туралы, жануарлар ауруларының қоздырғыштарын әкелу мен әкетуге жол бермейтін ветеринариялық-санитариялық шаралар туралы ақпарат алуға құқығы бар. Құпия сипаттағы ақпарат ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер иесінің жазбаша келісімінсіз жария етілмеуге тиіс.

8. Жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының пайда болуы тіркелген шектес мемлекеттердің шекаралық аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына келетін көлік құралдары ветеринариялық нормалар мен ережелерде белгіленген кезеңге және тәртіп бойынша міндетті түрде дезинфекциялануға тиіс.

23-бап. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау (орнын ауыстыру) кезіндегі мемлекеттік ветеринариялық бақылау

1. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер ел ішінде тасылған (орны ауыстырылған) кезде міндетті түрде мемлекеттік ветеринариялық қадағалануға тиіс.

2. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде оларға мемлекеттік ветеринариялық бақылауды оларды тиеу, түсіру жүргізілетін аумақтардың, сондай-ақ тасымалдау (орнын ауыстыру) жолы өтетін аумақтардың ветеринариялық инспекторлары жүзеге асырады.

3. Ауыл шаруашылық жануарлардың орнын ауыстыру жолдары (мал айдау трассалары) тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларымен келісе отырып белгіленеді.

4. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді ел ішінде (аудан ішінде орнын ауыстыруды қоспағанда) тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде оларға жөнелтетін аумақтардың ветеринариялық инспекторлары беретін ветеринариялық куәліктері, ал аудан ішінде орнын ауыстырғанда - ветеринариялық анықтамалары қоса беріледі.

5. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің орнын ауыстыру (тасу) үшін пайдаланылған көлік құралдары ветеринариялық нормалар мен ережелерге сәйкес міндетті түрде дезинфекциялануға тиіс.

24-бап. Базарлардағы, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдардағы мемлекеттік ветеринариялық қадағалау

1. Базарлар және ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдар үшін мемлекеттік ветеринариялық қадағалау міндетті болып табылады.

2. Базарларда және ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдарда жануарлар, малдан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, мал азығы мен мал азығына қосымшалар мемлекеттік ветеринариялық қадағалануға тиіс.

3. Базарлардағы және ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдардағы мемлекеттік ветеринариялық бақылау ветеринариялық қадағалау объектілерінің қоса жіберілетін ветеринариялық құжаттарына, сойылатын жануарларды тексеріп шығу, жануарлардың еті мен ішкі мүшелерін ветеринариялық-санитариялық бағалау көзделетін ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуін тексеруді, оларды сатуға рұқсат беруді немесе залалсыздандыруға немесе жоюға байланысты тыйым салуды, оларды сату ережелерінің сақталуын тексеруді қамтиды.

4. Базарлардағы және ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдардағы ветеринариялық

инспекторлар өздерінің ветеринариялық-санитариялық қадағалауының нәтижелері бойынша және/немесе сараптама актілері негізінде ветеринариялық-санитариялық қорытындылар береді. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді оларға ветеринариялық-санитариялық қорытынды алынғаннан кейін ғана сатуға (пайдалануға) р ұ қ с а т е т і л е д і .

5. Базарлардың (сауда жасаушы ұйымдардың) әкімшіліктері ветеринариялық инспекторлардың ветеринариялық-санитариялық қадағалауды жүзеге асыруы үшін және ветеринариялық лабораториялардың ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуі үшін заңдарда белгіленген тәртіппен шарт негізінде ветеринариялық нормативтерге сәйкес келетін үй-жайды белгілі бір ақы төлетіп беруге міндетті.

6. Ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдар ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелер (өндірістік бақылау бөлімшелерін) құруға, сондай-ақ ветеринариялық инспекторларға заңдарда белгіленген тәртіппен шарт негізінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыруға арналған орын б е р у г е м і н д е т т і .

25-бап. Ветеринариялық препараттар, мал азығы және мал азығына қосымшалар айналысын мемлекеттік ветеринариялық қадағалау

1. Ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың айналысы, олардың өндірілуін, импортын, тасымалдануын, сатылуын қоса алғанда, міндетті түрде мемлекеттік ветеринариялық қадағалануға тиіс.

2. Ветеринариялық препараттарды өндіру мен Қазақстан Республикасына әкелуге (импорттауға) олар мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

3. Ветеринариялық препараттардың Мемлекеттік Тізіліміне енгізілген ветеринариялық препараттар серияларын (топтарын) Қазақстан Республикасында қолдануға (пайдалануға) олардың ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуі анықталғаннан кейін (ветеринариялық препараттардың сериялары/топтары бақыланғаннан кейін) жол б е р і л е д і .

4. Антибиотиктер, гормондар және биологиялық стимуляторлар бар ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың ветеринариялық нормативтер талаптарына сәйкестігін анықтау тәртібін денсаулық сақтау істері жөніндегі органмен келісе отырып, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

5. Ветеринариялық препараттар, мал азығын, мал азығына қосымшалар өндіру жөніндегі ұйымдар ветеринариялық препараттардың, мал азығының, мал азығына

қосымшалардың ветеринариялық саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келуін анықтау жөніндегі құрылымдық бөлімшелер (өндірістік бақылау бөлімшелерін) құруға міндетті.

4-тарау. ЖАНУАРЛАР АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

26-бап. Заңды және жеке тұлғалардың жануарлар ауруларының алдын алу жөніндегі міндеттері

Заңды және жеке тұлғалар:

- 1) ветеринария туралы заңдарға сәйкес жануарлар ауруларының алдын алуды қамтамасыз ететін шаруашылық және ветеринариялық шараларды жүзеге асыруға;
- 2) зоопарктердегі, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарлардың ветеринариялық-санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;
- 3) мал азығын сақтауға арналған аумақты, мал ұсталатын орындарды, сондай-ақ ғимараттарды ветеринариялық-санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;
- 4) жануарларды, малдан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, мал азығын, мал азығына қосымшаларды ұстауға, пайдалануға, өсіруге, дайындауға (союға), өңдеуге, сақтауға және сатуға байланысты кәсіпорындарды салу, пайдалануға беру кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық ережелер мен нормативтерді сақтауға;
- 5) ветеринариялық мамандарға олардың талап етуі бойынша тексеру диагностикалық зерттеулер және алдын алып егу үшін жануарларды беруге;
- 6) бірнеше жануардың кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған жағдайлары туралы немесе олардың әдеттен тыс мінез көрсетуі туралы ветеринариялық дереу хабарлауға, ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;
- 7) ветеринариялық инспекторлардың ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмейтін аурулы, өлген жануарларды, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін малдан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды жою, кәдеге жарату, залалсыздандыру, өңдеу жөніндегі, сондай-ақ жануарлар ауруларына ветеринариялық-санитариялық сараптама мен диагностика жүргізу жөніндегі талаптарын орындауға;
- 8) союдың алдында жануарларды ветеринариялық тексеруді жүзеге асыруға жіберуге;
- 9) ветеринариялық мамандарға олардың қызметтік міндеттерін орындауына жәрдем

27-бап. Жануарлар ауруларының алдын алу және оларды жою жөніндегі ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастыру мен бақылау

1. Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) іс-шаралар жануарлар ауруларының пайда болуына, таралуына жол бермеуге және оларды жоюға, соның ішінде олардың алдын алуға, емдеуге, диагностикасына, мал өнімдерін арттыруға, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, жануарлардың аурулары келтіретін әлеуметтік-экономикалық зардаптардың алдын алу мақсатында жанамаластыру, ветеринариялық-санитариялық сараптама рәсімдеріне бағытталған рәсімдер кешені болып табылады.

2. Ветеринариялық-санитариялық шаралар Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарында белгіленген тәртіппен әзірленеді.

3. Ветеринариялық-санитариялық шаралар:

1) жануарлар мен адам үшін ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлардың аурулары мен тамақтан улануының пайда болуын болғызбау, жануарлардың, малдан алынатын өнімдер мен шикізаттың, мал азығының, мал азығына қосымшалардың және ветеринариялық препараттардың ветеринариялық ережелері мен нормативтерінің талаптарына сай келуін қамтамасыз ету мақсатымен ветеринариялық-санитариялық жайлы аумақта жүргізілетін жалпы сипаттағы шаралар;

2) шектеу шаралары мен карантинді қоса алғанда, жануарлардың ерекше қауіпті ауруларын жою және олардың таралуынан сақтандыру мақсатымен індет ошағында және жайсыз мекенде жүргізілетін арнаулы сипаттағы шаралар болып бөлінеді.

4. Ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ветеринариялық саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді және олар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

5. Индетті ошақтардың, жайсыз мекендердің, ветеринариялық-санитариялық жайлы аумақтардың шекарасын белгілеуді қоса алғанда, ветеринариялық-санитариялық шараларды (ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық ережелерді) ұйымдастыру мен жүзеге асыру (жүргізу) тәртібін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді және ол ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

6. Ветеринариялық-санитариялық шаралардың ұйымдастырылуы мен орындалуын бақылауды ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ветеринариялық инспекторлар жүзеге асырады.

28-бап. Шектеу шаралары мен карантинді белгілеу және алу

1. Жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының шектеу шаралары және/немесе карантин белгіленетін тізбесін, сондай-ақ оларды қолдану мен алу талаптарын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Шектеу шаралары осы баптың 1-тармағында аталған тізбеге енгізілген жануарлар аурулары жөнінде күдік пайда болған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен және олардың диагнозы расталғанға (жойылғанға) дейін белгіленеді.

3. Шектеу шаралары осы баптың 1-тармағында аталған тізбеге енгізілген жануарлар аурулары анықталған жағдайда белгіленеді (ұзартылады) немесе карантин белгіленеді. Аталған арнаулы шараларды белгілеу Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының (панзоотиялар жағдайында) немесе тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларының (індет ошақтары немесе індет пайда болған жағдайда) ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен (індет ошақтары немесе індет пайда болған жағдайда) жүзеге асырылады.

4. Карантинді тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының (панзоотиялар жағдайында) немесе тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларының (індет ошақтары немесе індет пайда болған жағдайда) ветеринариялық-санитариялық шараларды толық өткізіп, індет ошағы немесе індет жойылғаннан кейін жасаған ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

5. Тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен карантин алып тасталғаннан кейін шектеу шараларының ұзартылуы мүмкін.

29-бап. Ветеринариялық препараттардың республикалық запасы

1. Ветеринариялық препараттардың республикалық запасы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аурулар тізбесіне енгізілген ерекше қауіпті жануарлар ауруларының алдын алуға, диагностикасына және дезинфекциясына арналған үнемі жаңартылып отыратын ветеринариялық препараттардың белгілі бір көлемі болып табылады.

2. Ветеринариялық препараттардың республикалық запасы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде сатып алынған ветеринариялық препараттар көлемінен жасалады және індет ошақтарын жоюға, сондай-ақ жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының таралу қатерінің алдын алуға бағытталған. Ветеринариялық, препараттардың түрлері бойынша запастардың нормативін ветеринария саласындағы

уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Ветеринариялық препараттардың республикалық запасын қалыптастыру мен пайдалану тәртібін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

30-бап. Ветеринариялық нормативтер

1. Ветеринариялық нормативтер (ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық немесе зоогигиеналық нормалар) ветеринария факторын немесе ветеринариялық-санитариялық факторды оның жануарлардың, адамның денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпсіздігі тұрғысынан сипаттайтын, жол берілетін ең жоғары немесе ең төмен сан немесе сапа мәнінің көрсеткіштерін анықтайды.

2. Ветеринариялық нормативтер Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарына сәйкес жүргізілетін зерттеулермен белгіленеді.

3. Ветеринариялық нормативтер індеттердің объективті және негізделген мониторингін жүргізу, ветеринариялық-санитариялық жайлылыққа қол жеткізуге арналған ветеринариялық-санитариялық шаралардың көлемі мен сипатын жоспарлау, сондай-ақ жануарлар ауруларының пайда болу, таралу және жойылу мүмкіндіктерін жобалау үшін негіз болып табылады.

4. Ветеринариялық-санитариялық шараларды материалдық-техникалық жағынан жарақтандыру мен оларды жүзеге асыру жөніндегі ветеринариялық нормативтер ветеринария саласындағы лицензияланатын қызметке біліктілік талаптарын әзірлеу кезінде, сондай-ақ ветеринария бойынша қаржыландыру көлемін анықтау бөлігіндегі бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде ескеріледі.

5. Ветеринариялық нормативтерді ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді және ол ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

6. Ветеринариялық нормативтердің сақталуына бақылау жасауды ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ветеринариялық инспекторлар жүзеге асырады.

31-бап. Адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді міндетті түрде жою, залалсыздандыру (зарарсыздандыру) немесе өңдеу тәртібі

1. Адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен міндетті түрде жойып жіберілуге, залалсыздандырылуға (зарарсыздандырылуға) және/немесе өңделуге тиіс.

2. Жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының және олар артық болған жағдайда міндетті түрде жою, залалсыздандыру (зарарсыздандыру), ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді өңдеу жүзеге асырылатын улы, радиоактивті заттар табылған жағдайда олардың жол берілетін шекті шоғырлануының тізбесін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуымен Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і б е к і т е д і .

3. Адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді жою, залалсыздандыру (зарарсыздандыру) олардың иелері есебінен жүзеге асырылады.

32-бап. Азаматтардың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ
а у р у л а р д а н қ о р ғ а у

Жануарларды күтіп-бағуды, өсіруді, пайдалануды, ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындауды (союды), өңдеуді, өндіруді, сақтауды, тасымалдау мен сатуды жүзеге асыратын азаматтардың денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау тәртібін денсаулық сақтау істері жөніндегі органмен келісе отырып, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

33-бап. Ауыл шаруашылық жануарларын, базарларды (сауда жасаушы
ұйымдарды), ветеринариялық қадағалау
бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру
немесе сақтау жөніндегі ұйымдарды ұқсастыру

1. Ауыл шаруашылық жануарлары жануарлар ауруларының алдын алу мен диагностикасы жөніндегі ветеринариялық-санитариялық шаралардың тиімділігін бақылау мақсатымен әрбір ауыл шаруашылық жануарына оның бүкіл өмірі бойында, соның ішінде оның бір иеленушіден екіншісіне кез келген ауысуына қадағалау жүргізуге мүмкіндік беретін міндетті ұқсастыру рәсімінен өткізілуге тиіс.

2. Ауыл шаруашылық жануарлары ветеринариялық нормалар мен ережелерде белгіленген нысандар (ветеринариялық төлқұжаттарды, жануарларды ұқсастыратын таңбалау мен сырғалаудың белгіленген әдістерін пайдалану арқылы) және рәсімдер бойынша ұқсастырылуға тиіс.

3. Малдан алынатын өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатымен базарлар (сауда жасаушы ұйымдар), ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдар ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен ұқсастырылуға тиіс.

5-тарау. ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ МЕН ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҮЙЛЕСТІРУ

34-бап. Ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулер

1. Жануарларды пайдаланудың кез келген рәсімдерін, соның ішінде оларды гендік-инженерлік клондауды, сондай-ақ ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізілетін үй-жайлар мен аумақтарды да қоса алғанда, ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңдарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

2. Ғылыми зерттеулер нәтижесінде әзірленген немесе жетілдірілген ветеринариялық препараттар, мал азығы, мал азығына қосымшалар, ветеринариялық-санитариялық шараларды жүзеге асырудың тәртібін, әдістері мен құралдарын реттейтін нұсқаулықтар, әдістер, әдістемелер, ұсыныстар, талаптар олардың ветеринариялық нормалар мен ережелерге сәйкестігін анықтау мақсатымен сынақтан өткізілуге тиіс.

3. Микроорганизмдердің ғылыми зерттеулер нәтижесінде алынған, сондай-ақ жануарлар ауруларының диагностикасы, ветеринариялық-санитариялық сараптама кезінде бөліп алынған штаммдар микроорганизмдердің сақталатын штаммдарының Ұлттық коллекциясында сақталуға тиіс.

35-бап. Ветеринария мамандарын даярлау және олардың

біліктілігін арттыру

1. Ветеринария мамандарын даярлау немесе олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламалары (оқу бағдарламалары) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен міндетті түрде келісілуге тиіс.

2. Ветеринария мамандары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аттестациялануға тиіс.

36-бап. Ветеринарияны қаржыландыру және ветеринария туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

1. Мыналарды:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстауға арналған шығындарды;

2) мемлекеттік ветеринариялық мекемелерді ұстауға арналған шығындарды;

3) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерін ұстауға арналған шығындарды;

4) мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау постыларында көлік құралдарын дезинфекциялауды және ветеринариялық препараттардың республикалық запасын сақтауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алуды, диагностикасы мен оларды жоюды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қадағалау объектілері иелерінің есебінен мынадай ветеринариялық-санитариялық шаралар атқарылады:

1) ветеринариялық препараттарды, мал азығын, мал азығына қосымшаларды сынақтан өткізу, серияларын бақылау мен тіркеу сынағын жүргізу;

2) ауыл шаруашылық жануарларын, базарларды (сауда жасаушы ұйымдарды), ветеринариялық қадағалау бағалайтын жүктерді дайындау (сою), өңдеу, өндіру немесе сақтау жөніндегі ұйымдарды ұқсастыру рәсімі;

3) базарлардағы ветеринариялық-санитариялық сараптама;

4) дегельминтизация, дезинсекция, дератизация, дезинфекция (мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау постыларындағы дезинфекцияны қоспағанда);

5) ветеринариялық инспекторлардың талап етуі бойынша адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерін жою, залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген ерекше қауіпті жануарлар ауруларын қоспағанда, жануарлар ауруларын, соның ішінде инвазиялық ауруларды емдеу, олардың алдын алу, диагностикасы және оларды жою;

7) келіп түсетін қаражатты заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттің кірісіне аудара отырып, ветеринариялық-санитариялық қорытындылар мен ветеринариялық куәліктің бланкілерін беру.

37-бап. Ветеринария туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

1. Ветеринария туралы заңдардың бұзылуына кінәлі жеке және заңды

тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапты болады.

2. Айыппұлдар салу не өзге де жаза қолдану кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен залалдың орнын толтыру қажеттігінен босатпайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармаларының аудандық (қалалық) ветеринариялық инспекторларының және оларға қажетті қосымша мамандар саны

1) Аудандық (қалалық) аумақтық басқармалардағы ветеринариялық инспекторлардың саны	!	832
--	---	-----

2) Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудағы нысандар саны (1.09.2000 ж.)		3239
оның ішінде: базарлар		458

мал өнімдері мен шикізатын дайындау (сою), өңдеу, сақтау және өңдеу мекемелері		472
ауылдық округтер		2309

3) Бір ветеринариялық инспекторға шаққандағы, мемлекеттік ветеринариялық нысандар саны		3.9
--	--	-----

4) Қажетті қосымша ветеринариялық инспекторлар саны		820
--	--	-----

оның ішінде: өңдеу кәсіпорындарымен базарларда мемлекеттік ветеринариялық қадағалау жүргізуге		500
---	--	-----

ауылдық округтерде мемлекеттік

5) Қосымша ветеринариялық инспекторлар ұстау (200 мың теңге, 1 ветеринариялық инспекторға есептегенде) млн. теңге	164.0
---	-------

6) Аудандық (қалалық) аумақтық басқармалардағы ветеринариялық инспекторлардың қосымша мамандарын бірге есептегендегі жалпы саны	1152
---	------

7) Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудағы нысандар саны, бір ветеринариялық инспекторға шаққанда, олардың санының көбейгенінен кейін	2.8
--	-----

Ауыл шаруашылығы вице-министрі

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында келісілген ветеринариялық инспекторларды арнайы киіммен қамтамасыз етудің есептері

Арнайы киім, аяқ ! Кию мерзімі ! Бір ветеринариялық ! Бір дананың бағасы
 киім және сақтан ! (ай)* ! инспекторға арнал ! теңге***
 дырушы құралдары ! ! ған заттардың мөл !
 ! ! шері** !

Жазғы уақытта*: !

Мақтадан жасалған!

шалбарлар !	12	2	1500
Халаттар !	12	2	700
Бас киім (қалпақ)! !	12	2	50
Алжапқыш !	24	1	600
Резеңке етіктер !	24	1	1500
Резеңке қолғаптар!	6	2	60

Қысқы уақытта** !

Жылы күрте !	24	1	14000
Жылы аяқ киім !	24	1	1500

Барлығы: - 12 -

таблицаның жалғасы

Сомасы теңге ! Ветеринариялық ! Жалпы құны,
!инспекторлардың ! мың теңге
саны

3000	532	1596.0
1400	532	744.8
100	532	53.2
600	532	319.2
1500	532	798.0
120	532	63.8

14000	532	7448.0
1500	532	798.0
22220	532	11821.0

Кестеге арналған ескертулер:

*- жазғы жұмыс киімдерінің тізімі, КСРО АШМ бекіткен 21.12.1970 жылғы қосымшалар және өзгерістер мен мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, совхоздарға, мемлекеттік ветеринариялық жүйедегі кәсіпорындардың ветеринария мамандарына жұмыс киімдері, арнайы аяқ киімдері және сақтандырушы құралдарды тегін босату нормасына сәйкес келеді (ветеринариялық Заңдылық, т. 2, М., "Колос", 1973 ж., 624 бет 24 тарау - Шекарадағы және күзет шектеу (карантиндеу) ветпункттерінің және мал айдау жолдарындағы бақылау жүргізуші ветеринариялық мамандары) .

** - Қысқы жұмыс киімдерінің тізімі, КСРО АШМ бекіткен 1303 1954 ж., КСРО Ауыл шаруашылық министрлігі жүйесіндегі ұйымдарға және кәсіпорын

жұмысшыларына арналған санитариядағы киімдердің нормаларының тізіміне сәйкес келеді (ветеринариялық заңдылық т. 2, М., "Колос" 1973 ж., 626 бет, 30 тарау - Қаз ССР күзет карантиндік пункттерінің ветеринариялық мамандары).

***- 01.09.2000 ж. бір заттың (бұйымның) нарықтық құны.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Шекарадағы ветеринариялық бақылау бекеттерінде
дезинфекция жүргізудің қаржы есебі

1. Шекара жанасқан мемлекет жерінде аса қауіпті мал ауруы шыққан

жағдайда, шекарадағы ветеринариялық бекеттерінде залалсыздандыру жұмысы жүргізіледі.

2. Шекаралас мемлекеттерге Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Түркіменстан жатады.

3. 2000 жылғы аса қауіпті аурулар қатарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1205, 2 қазан, 1996 ж., Қаулысымен бекітілген тізбедегі аурулар жатады.

4. Орта есеппен шекаралас территорияларында, жылына малдың бір аса қауіпті ауруы тіркеледі.

Шекаралас мемлекеттер территорияларында кездесетін
малдың аса қауіпті ауруларын тіркеу

Мемлекеттердің аталуы! Малдың аса қауіпті !Бір жылда тір.!Бір жылда тір.

! ауруларының аталуы !келген індет !келген індеттің

! саны !орташа саны

Қытай	Аусыл	1	1
Қырғызстан	Аусыл	1	2
	Қой шешегі	1	0
Өзбекстан	Аусыл	1	1
Ресей	Сібір жарасы	1	2
	Ньюкасла ауруы	1	0

5. Шекаралас мемлекеттердің біреуінің территориясында індет байқалған жағдайда 5 бекет құрылады. Бір бекетте тәулік бойы 4 адам кезекші болады, 5 бекетте, 4 адамнан, 20 ветеринариялық маман болады.

6. Орташа есеппен індетке қойылатын шектеу және карантин шараларының мерзімі 30 күн.

7. Әрбір ветеринариялық маманның айлық жалақысы 8474 теңге, оның ішінде: негізгі жалақы 6834 теңге;

Зиянды жұмысқа қосымша - 24% - 1640 теңге;

Бір бекеттің жалақы қоры: 4 адам x 8474 теңге = 33,9 мың теңге.

Жалпы жалақы қоры: 33,9 мың теңге x 25 бекет = 847,4 мың теңге.

8. Іс сапар шығыны бір ветеринариялық маманға 540 теңге, оның ішінде:

Тәулік ақысы - 360 теңге.

Пәтер ақысы - 180 теңге.

Бір бекетке кететін іс сапар шығыны: 4 адам x 5 теңге x 30 тәулік = 64,8 мың теңге.

Жалпы іс сапар шығыны: 64,8 мың теңге x 25 бекет = 1620,0 мың теңге.

9. Материалдық шығындар (дезинфектанттарды ысытуға қажетті жанар жағар май - олардың температурасы 30 дан 60 С, ветеринариялық құрал-саймандар - аэрозольді генераторлар, арнайы киімдер, дезинфектанттар):

Материалдардың!Материалдардың!30 күн ішіндегі,!25 бекетке !Барлығы, мың аталуы ! құны !бір бекетке ке. !кететін ма.! теңге
! !тетін материал. !териалдар. !
! !дардың жалпы !дың жалпы !
! ! саны ! саны !

ЖЖМ !40 теңге/литр ! 150 литр !75.000 литр! 3000.0

Аэрозольды ! 42.000 теңге ! 1 ! 25 ! 1050.0
генераторлар ! біреуі ! ! !

Арнайы киім !12200 теңге ! 4 комплект !100 комплект! 1220.0
!комплектісі ! ! !

Дезинфектант.! 90504 теңге ! 1 тонна ! 25 тонна ! 2262,6

тар ! 1 тоннасы !

Барлығы - 10 млн. теңге

Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.